

№4-дәріс. Академиялық жұмыстар. Академиялық мәтіндердің талаптары, түрлері

Академиялық мәтіндер

Мәтін - белгілі бір тақырыптағы ақпаратты беруге бағытталған сойлемдер мен параграфтардың жиынтығы. Мәтіндер түрлеріне қарай әртүрлі болып бөлінеді. Егер мәтінде алғаш рет мәліметтер берілсе, ол бастапқы дереккөзді (primary source) мәтін ретінде қарастырылады. Мәселен, хаттар, заңдар, құжаттар, бастапқы мәліметтер жарияланған дереккөздер бастапқы ақпаратты қамтитын мәтіндер түріне жатады. Ал егер осы материалдарға зерттеу жасалып, пікірлер айтылса, онда мұндай мәтіндер бастапқы мәтінге талдау жасалған, осы мәтіндегі ақпараттарды қолданған зерттеу мәтіндері, яғни екінші ретті дереккөзді (secondary source) мәтін болып саналады.

Академиялық жазылым барысында түрлі академиялық мәтінтерді оқуға және жазуға тура келеді. Жоғары оқу орындарында оқуға тура келетін мәтіндер өз қызметі мен түрлеріне қарай оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, мақалалар және т.б. түрінде жарияланады. Жазылым үдерісін бастамас бұрын пәнге, тақырыпқа байланысты аталған мәтін түрлерін қарап шығуға тура келеді. Академиялық оқылым барысында жиі оқуға тура келетін негізгі мәтін түрлеріне мыналар жатады:

Оқулықтар пән бойынша мәлімет беруге бағыттанып, білім алушыларға арналып жазылғандықтан, тілі жеңіл, параграф құрылымдары жүйелі болып келеді. Онда күрделі терминдерге анықтама беріліп, оқырманның назарын аудару үшін қажетті деген сөздердің асты сызылып немесе курсивпен белгіленіп беріледі.

Монографиялар - зерттеу барысында оқуға қажеттілік тудыратын мәтіндердің бірі. Мұнда бір немесе бірнеше автор бір тақырыпқа қатысты толық жасалған зерттеу жұмысын жариялайды. Сондықтан мұндай мәтіндерді оқу тақырып туралы тереңірек білімді қажет етеді. Мәтінде таныс емес терминдер, түсінуге қиындық тудыратын күрделі ойлар берілуі мүмкін. Монографияны оқымас бұрын оның мазмұнын қарап шығу қажет, тек зерттеу жұмысына қажетті тарауларын немесе бөлімдерін ғана оқуға болады. Мәтіннің керек жеріне көз жүгірту арқылы қажетті ақпараты бар деген беттерді белгілеп алу қажет. Монографиядағы қажетті ақпараттарды тез табу үшін: автордың ойын түсінуге тырысу; анықтамалар мен тұжырымдарды анықтау; негізгі ұстанымдарды белгілеу; мәтіндегі қажетті жерлерін анықтау сияқты амалдарды қолданған орынды.

Рецензияланған кітаптарда осы кезге дейін ғылыми журналдарда жарияланып, оқырмандар тарапынан көп сұранысқа ие болған **мақалалар** басылып шығады. Мұндай кітаптар тақырыпқа қатысты материалдарды табуға мүмкіндік береді және аргументтерге сілтеме жасау үшін таптырмас дереккөздер ретінде қарастырылады. Сондай-ақ бұл кітап түрлеріне бір тақырып бойынша құрастырылған, бірақ бөлімдерін әртүрлі авторлар жазған кітаптар да жатады. Мұндай кітаптар міндетті түрде редакцияланып, кіріспе бөлімінде зерттеу жұмысының бөлімдері туралы және авторлары жайлы қысқаша мәліметтер беріледі.

Зерттеу мақалалары академиялық мәтіндер ішінде ерекше бағаланады. Себебі кез келген зерттеуші өзінің ашқан жаңалығын, нәтижесін мақала түрінде жариялауға тырысады. Бұл мақалалар арнайы редакторлық тексерістен өткеннен кейін ғана жарыққа шығады. Мақалалар *эмпирикалық* әдістерді қолданып немесе *теориялық* деректерге ғана негізделіп жазылуы мүмкін. *Эмпирикалық әдіс* әлеуметтік зерттеу жұмыстарында қолданылады. Олар бақылау, тәжірибеден өткізу сияқты зерттеу әдістерін қолданады. Әдетте, мұндай мақалалардың негізгі құрылымы кіріспе, әдісі, зерттеу нәтижесі, талқылау және қорытынды бөлімнен тұрады. Дереккөздерге негізделген мақалалар әлеуметтік, тарихи, тіл білімі сияқты салаларда көбірек жарияланады. Олар негізінен теориялық мәселелерді қарастырады және тақырыпқа байланысты түрлі пікірлерді жан-жақты талдайды.

Зерттеу баяндамалары ғылыми конференция жинақтарында жарияланады. Мұндай еңбектердің авторлары өз зерттеулерінің нәтижелерімен немесе тақырыпқа қатысты

мәселелердің шешімдері жөніндегі жайттармен бөлісуді мақсат етеді. Көп жағдайда ғылыми баяндамалардың құрылымы эмпирикалық зерттеу мақалаларына ұқсас болып келеді. Сондықтан оларды оқу барысында эмпирикалық зерттеу мақалаларына қатысты оқу стратегиясын қолдануға болады.

Жоғары оқу орындарында тапсырма ретінде берілетін академиялық мәтін түрлеріне эссе, баяндама, сыни пікір, зертханалық баяндама, жоба, реферат, курстық жұмыс пен дипломдық жоба/жұмыстар жатады.

Баяндама. Көп жағдайда экономика және жаратылыстану ма- мандықтары бойынша білім алатын студенттер үшін жазуға берілетін тапсырма түрі. Эссе мен баяндаманың құрылымы ұқсас болып келгенімен, өзара айырмашылықтары бар. Эссе абстрактілі және теориялық бағыттағы тақырыптар бойынша жазылса, баяндама жағдаяттық немесе болған жағдайды сипаттауға бағыттталып, тақырыпқа тереңірек тоқталады. Сонымен қатар баяндаманы жазу барысында бастапқы және екінші реттік дереккөздердің ақпараттары қолданылады. Мысалы: жүргізілген зерттеу жұмысы, зертханалық эксперименттер мен сауалнама нәтижесі және т.б. Баяндама құрылымы мынадай ақпаратты қамтиды:

Кіріспе: тақырыпқа қатысты жалпы мәселе; зерттеу жұмысын жүргізудің маңызы; тақырыпқа қатысты өзге зерттеулерге шолу.

Әдісі: зерттеу жұмысы қалай жүргізілді; зерттеу барысында қол- данылған әдістер, құралдар.

Нәтижесі: анықталған жайттар; зерттеу нәтижесіне байланысты пікірлер.

Талқылау: анықталған негізгі жайттар, зерттеудің тиімділі жөніндегі пікірлер.

Қорытынды: жұмысты қорытындылау; алдағы зерттеу жұмысына қатысты ұсыныстар.

Баяндама құрылымы факультет бекіткен талаптарға қарай басқаша болуы да мүмкін, бірақ жоғарыдағы құрылым көп жағдайда ортақ құрылым болып саналады.

Зерттеу/эксперименттік баяндама. Бұл жазба түрі жоғарыда берілген баяндама құрылымын сақтай отырып жазылады. Сондай- ақ түйіндеме мен қолданылған әдебиеттердің берілуі міндетті болып саналады. Оқырман жүргізілген зерттеу жұмысымен кеңінен таныс болуы үшін қосымшалар (сауалнама/сұхбат алу барысында қойылған сұрақтар, кестелер т.б.) берілуі мүмкін. Бұл жұмысты жазу инженерлік және психологиялық бағытта білім алатын студенттерден жиі талап етіледі.

Пікір. Кітап немесе ғылыми мақала туралы студенттің сыни көзқарасын, оны бағалауын білу үшін жазылады. Мысалы: филология студенттерінен Кәкен Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» атты Алматы қаласында 2011 жылы жарияланған кітабы бойынша пікір жазу сұралуы мүмкін. Пікір құрылымы мынадай ақпараттарды қамтиды:

Кіріспе: кітаппен таныстыру (тақырыбы, авторы, баспасы, жазылған жылы, бағасы).

Жалпы мәтін: жазылған саласы, жазылу мақсаты.

Басылымға дейінгі ақпарат: осы кезге дейінгі жазылуы немесе басылып шыққан басылымдары және олар жөніндегі пікірлер.

Мазмұны: кітапты қорытындылау, әрбір бөлім мен тарау туралы қысқаша ақпарат беру.

Бағалау: қандай оқырман үшін жазылғанын, мақсатын анықтау, тақырыбы ұқсас өзге кітаптармен салыстыру, кітап туралы оң немесе теріс пікірін білдіру, мәтінді бағалау.

Безендірілуі: дизайны, көлемі, түсі, суреттері, кестелерінің берілуі, бағасы және т.б. жайттар бойынша сипаттау және бағалау.

Қорытынды: оқырман үшін тиімділігі мен мәтінді жетілдіруге арналған ұсыныстар.

Әдебиеттерге шолу. Бұл көлемді жазба жұмысының бір бөлімі немесе өз алдына жеке жазба жұмысы ретінде жазылады. Мұнда студенттің өзі жинаған мәліметтерге (сауалнама, сұхбат, тәжірибе жасау т.б.) талдау жасалмайды. Тек тақырыпқа байланысты осы кезеңге дейінгі жазылған материалдар, ғылыми кітаптар мен мақалалар оқылып, зерттеу жасалады. Әдебиеттерге шолу құрылымы мынадай ақпараттарды қамтиды:

Кіріспе: тақырыптың мазмұны мен маңыздылығы туралы сипаттау.

Тақырыпқа қатысты жарияланған ақпараттар: тақырыпқа қатысты оқылған материалдарға (әдебиеттерге) қорытынды жасау, ондағы пікірлерді талдау.

Бағалау: әдебиеттерде білдірілген пікірлерді қолдау немесе олармен келіспеу, мысалдар келтіру.

Негіздеу: зерттелуі, анықталуы тиіс мәселені табу, жазба жұмысының жазылу мақсатын негіздеу.

Қорытынды: тақырыпқа байланысты жазылған әдебиеттерге шолуды қорытындылау, зерттелуі немесе анықталуы тиіс мәселе жөнінде қандай жұмыстар жасауға болатындығы жөнінде ұсыныстар беру.

Реферат. Бұл - жоғары оқу орындары мен жоғары сынып оқушыларынан жиі сұралатын көлемді жазбаша тапсырманың түрі.

«Реферат» сөзі 1998 жылы Мәскеуде жарияланған Л.П.Крысиннің «Толковый словарь иноязычных слов» атты сөздігінде латынның *referre* «баяндау, хабарлау» деген сөзінен шыққан деп көрсетіледі. Оның мақсаты - тақырып бойынша студенттің білімін көрсету. Мәселен, «К.Ахановтың қазақ тіл білімінің дамуына қосқан үлесі» деген тақырып бойынша студент ғалымның - еңбектеріне шолу жасап, негізгі жетістіктеріне тоқталады. Реферат әдебиеттерге шолу жұмысына ұқсас, бірақ ол көп жағдайда сипаттамалық мәнде жазылады. Сол себепті, сыни тұрғыдан жазылу құндылығы төмен болып есептеледі. Ол кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады.

Курстық жұмыс. Бұл жазба жұмысы жоғары оқу орнында оқып жүрген студент өз мамандығына қатысты арнайы пәндерді меңгере алғанда, яғни 2 немесе 3-курс студенттеріне беріледі. Курстық жұмыстың тақырыбы кафедрада бекітіледі және ол бойынша жетекші тағайындалады. Бұл студенттің зерттеу жұмысын жазудағы бастапқы қадамы болып саналады. Сондықтан таңдалған тақырып бойынша жұмысты жазу барысында жетекшімен кеңесіп отырудың маңызы зор. Жұмыс теориялық (әдебиеттерге шолу) немесе эмпирикалық бағытта (тәжірибе жүргізу, бақылау, кейс-стади т.б.) қарастырылады және ол алдағы уақытта дипломдық жұмысқа жалғасуы мүмкін. Курстық жұмысты жазу барысында зерттеу жұмыстарының құрылымы сақталады және жалпы академиялық жазылым үдерісі бойынша жүзеге асырылады. Бірақ жоспары мен құрылымы оқылу бағытына қарай жетекші кеңесі бойынша құрылуы мүмкін. Жұмыстың көлемі 25-30 беттен тұрады. Титул беттен бастап қолданылған әдебиеттерге дейін тақырып бекітілген кафедра талаптарына сай безендіріледі. Курстық жұмыс ауызша қорғалады. Ондағы мақсат - студенттің өз бетінше жүргізген зерттеу жұмысын бағалау және жетілдіру үшін ұсыныстар білдіру.

Дипломдық жұмыс/жоба. Бұл - жоғары оқу орнын аяқтаушы студент өзінің мамандығы бойынша таңдап алған тақырыбы туралы жүргізген ғылыми жұмысы. (60-80 бет). Студент дипломдық жұмысты жазу барысында өзінің үйренген жазылым мен оқылым, зерттеу және т.б. қабілеттерінің барлығын қолдана алуы тиіс. Жұмыстың тақырыбы мен жетекші кафедрада бекітіледі және студент қашанда жетекшімен тығыз байланысты жұмыс жүргізуі қажет. Жұмыс аяқталғаннан кейін ауызша қорғалатын болады және қолжазба кафедрада бекітілген талапқа сай безендіріліп, түптеледі және белгілі бір уақытқа дейін сақталуы үшін мұрағатқа өткізіледі.

Академиялық бағытта білім алушыдан талап етілетін жазба жұмысының қай түрі жазылатындығы, олардың безендірілуі, көлемі (бет санымен немесе сөз санымен есептелуі), өткізілу мерзімі сияқты талаптар қашанда оқытушы немесе тақырыпқа қатысты пәнді оқытатын кафедра тарапынан белгіленетінін естен шығармау керек. Сондай-ақ Қазақстанда білім беретін мекемелер мен ғылыми жұмыстарды жариялауға, басуға қабылдайтын орындардың басым көпшілігі сілтеме жасау мен қолданылған әдебиеттер тізімі (дереккөздері) ГОСТ 7.1-2003 ережесіне сәйкес безендірілуін талап етеді.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Мәтін дегеніміз не?

2. Академиялық мәтін түрлеріне қандай мәтіндер жатқызылады?
 3. Академиялық мәтіндердің басты талаптар қандай?
 4. Академиялық мәтіндердің қандай түрлерін білесіз?
 5. Зерттеу жұмысына қатысты академиялық мәтіндерді қайдан қарастыруға болады?
 6. Баяндама мен эссенің айырмашылығы қандай?
 7. Дипломдық жұмыстың/жобаның жазылу мақсаты қандай және ол неліктен соңғы курста жазылады?
 8. ГОСТ 7.1-2003 ережесі бойынша дереккөздердің безендірілу талаптары қандай?
- Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар, электронды оқулық.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2020. -340 б.
- 2.Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж.. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма. Учебное пособие.–Костанай: КГУ имени А.Байтұрсынова, 2019. - 106 с.
- 3.Академическое письмо для историков: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут.– Екатеринбург: Издательскийотдел УрГПУ, 2019 – 224 с.
- 4.Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-і басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қзақстандық қоғамы, 2020. -68 б.
- 5.Грофф Джеральд. Как писать убедительно: искусство аргументации в научных и научно-популярных работах: пер. с. Англ. –М.:Альпина Паблишер, 2014. -250 с.
- 6.Имангулова Т.В., Губаренко А.В., Абдикаримова М.Н. Методика научно-исследовательской работы в туризме. Учебное пособие. А.:КазАСТ, 2021. -164 с.
- 7.Айешова Г.А. Основы научно-исследоваельской работы:учебное пособие, 2019.

Қосымша:

- 1.Петрякова А.Г. Культура речи [Текст]: уч.пос. / А.Г.Петрякова.–М.:Флинта,2016.-488 с.
- 2.Дусенко А.Г. Современный туризм: актуальные проблемы и прспективы. М.: РТУФКСМиТ, 2017. -238 с.
- 3.Комлева Ю. Е. Изъяны габсбургской политики идентичности: «книги для чтения» в италоязычных школах Триеста // Известия Уральского федерального университета. Серия 2: Гуманитарные науки. 2015. № 1 (136). С. 144.
- 4.Пример взят из: Nagy P. T. The Problem of the Confessional Recruitment of the Students at the Faculties of the Humanities and Science of the Transylvanian University // Historical Social Re- search. 2008. Vol. 33. No 2. P. 142.
- 5.Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Терминологический словарь научно-исследовательской деятельности в туризме:учебное пособие.А.:КазАСТ,2016. -60 с.
- 6.Закирьянов Б.К., Абдикаримова М.Н. Инновационные направления развития туризма и гостеприимства в современной России/коллективная монография. М.:РУСАЙНС, 2019. - 232 с.
- 7.Добрынина О. Л. Пропедевтика ошибок при написании англоязычнойавторской аннотации к научной статье // Высшее образование в России. 2015. № 7. С. 42-50.
- 8.Hartley J. Academic Writing and Publishing: a practical handbook. London: Routledge, 2008. P. 118-119.
- 9.Наука: день сегодняшний, завтрашний: научно-популярный сборник. Алматы: Ассоциация вузов РК. -2017. -128 с.

10. Морозов М.А. Информационные технологии в туристской индустрии: учебник. М.: КНОРУС, 2019. - 276 с.
11. Гаврилов М.В. Научная работа: методика и практика: учебное пособие. – Саратов: МарК (Лохнев Ю.В.), 2014. - 228 с.

WEB Сайттар тізімі:

1. Научная электронная библиотека. - [http:// elibrary.ru](http://elibrary.ru)
2. Международный выставочный портал. - <http://www.exoclub.ru>